

Әубәкірова Ж.М.
Alikhan Bokeikhan University
Қазақстан, Семей.
e-mail: Zhadyra.maratovna@mail.ru

ОТБАСЫ-ТҰРМЫСТЫҚ ҚАТЫНАСТАР САЛАСЫНДАҒЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАР МЕН КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРҒА ҚАТЫСТЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫҢ ӨЗЕКТІЛІГІ

Аннотация.

Авторлар ғылыми мақалада отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласындағы зорлық-зомбылық пен кәмелетке толмағандарға қатысты қылмыстарының себептерін, және осы қылмыстарға қарсы қылмыс ұғымын қайта бағалау қажеттілігін қарастырады. Сонымен қатар, елімізде көптеп тараған кәмелетке толмағандарға қатысты қылмыстық құқық бұзушылықтар түрлерін қарастырған. Мақаланың қорытындысында авторлар кәмелетке томағандарға қатысты қылмыстық құқық бұзушылықтар мен отбасы-тұрмыстық зорлық-зомбылық және кәмелетке толмағандармен жасалған қылмыстарын зерттеудің түпкі мақсаты, осы қылмыстардың алдын алуды жетілдіруге бағытталған теориялық ережелер мен практикалық ұсыныстарды әзірлеу болып табылатынын атап өтеді. Бүгінгі таңдағы білім алуға қиындықтар, жастар ұйымдарының қызметін үйлестіретін бірегей орталықтың жоқтығы жасөспірімдерінің бос уақытының шамадан тыс молдығы олардың арасында бакылаусыздықтың болуы, тағы басқа осы сияқты жағдайлар кәмелетке толмағандар қылмыстылығының күрт өсуіне негіз болып отырғаны туралы айтылған.

Түйін сөздер: отбасы-тұрмыстық қатынас, кәмелетке толмағандар, қылмыстық құқық, қылмыстық жаза.

Aubakirova Zh.M.
Alikhan Bokeikhan University
Kazakhstan, Semey
e-mail: Zhadyra.maratovna@mail.ru

Relevance of criminal offenses in the field of family relations and criminal offenses against minors

Abstract

In the scientific article, the authors consider the causes of violence and crimes against minors in the field of family and domestic relations, and the need for a reassessment of the concept of crime against these crimes. In addition, it considered the types of criminal offenses against minors, which are widespread in the country. In conclusion of the article, the authors note that the ultimate goal of the study of criminal offenses and crimes committed against minors, family and domestic violence and crimes committed with minors, is to develop theoretical provisions and practical recommendations aimed at improving the Prevention of these crimes. It is noted that today's difficulties in obtaining education, the lack of a unique Center for coordinating the activities of youth organizations, the excessive amount of free time of teenagers, lack of control among them, and such circumstances are the basis for a sharp increase in juvenile delinquency.

Keywords: family-Domestic Relations, minors, criminal law, criminal punishment.

Аубакирова Ж.М.
Alikhan Bokeikhan University
Қазақстан, Семей.
e-mail: Zhadyra.maratovna@mail.ru

Актуальность уголовных правонарушений в сфере семейно-бытовых отношений и уголовных правонарушений в отношении несовершеннолетних

Аннотация.

В научной статье авторы рассматривают причины насилия и преступлений в отношении несовершеннолетних

в сфере семейно-бытовых отношений, а также необходимость переоценки понятия преступления против этих преступлений. Кроме того, в стране рассмотрено большое количество видов уголовных правонарушений в отношении несовершеннолетних. В заключении статьи авторы отмечают, что конечной целью исследования уголовных правонарушений и преступлений, совершенных в отношении несовершеннолетних, семейно-бытового насилия и преступлений, совершенных несовершеннолетними, является разработка теоретических положений и практических рекомендаций, направленных на совершенствование профилактики этих преступлений. На сегодняшний день отмечается, что трудности в получении образования, отсутствие уникального центра, координирующего деятельность молодежных организаций, избыточное количество свободного времени подростков являются причиной резкого роста преступности несовершеннолетних.

Ключевые слова: семейно-бытовые отношения, несовершеннолетние, уголовное право, уголовное наказание.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 27-бабында: Неке мен отбасы, ана мен әке және бала мемлекеттің қорғауында болады. Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу — ата-ананың табиғи құқығы әрі парызы, Кәмелетке толған еңбекке қабілетті балалар еңбекке жарамсыз ата-анасына қамқорлық жасауға міндетті [1] - делінген. Бұл көрсетілген қағидалар халықаралық құқықтың осы мәселелер жөніндегі негізгі ережелеріне сәйкестендірілген. Адам құқығы жөніндегі 1948 жылғы Жалпыға бірдей Декларацияда, Азаматтық және саяси құқықтар туралы 1966 жылғы Халықаралық пактіде отбасы қоғамның табиғи негізгі ұясы және ол мемлекетпен қоғам тарапынан қорғау құқығына ие деп белгіленген. 1989 жылы 20 қарашада қабылданған «Бала құқықтары жөніндегі» конвенцияда да балалардың азаматтық және саяси-әлеуметтік құқықтарының қорғалуына ерекше мән берілген. Қазақстан Республикасы да отбасы және кәмелетке толмағандар жөніндегі халықаралық құқық нормаларын қастерлей отырып, осы мәселелерге байланысты пайда болатын қоғамдық қатынастарды қылмыстық-құқықтық жолмен қорғауға ерекше мән береді. [2]

Отбасы-тұрмыстық қатынастар ұғымы жөнінде Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінде отбасы-тұрмыстық қатынастар — деп ерлі-зайыптылар, бұрынғы ерлі-зайыптылар, бірге тұратын немесе бірге тұрған адамдар, жақын туыстар, ортақ баласы (балалары) бар адамдар арасындағы қатынастар түсініледі.

Құқық бұзушымен отбасы-тұрмыстық қатынастардағы адамдарға сыйламаушылық көрсетіліп, былапыт сөйлеу, қорлап тиісу,

кемсіту, үй тұрмысындағы заттарды бүлдіру және олардың тыныштығын бұзатын, жеке тұрғын үйде, пәтерде немесе өзге де тұрғынжайда жасалған басқа да әрекеттер, егер бұл әрекеттерде қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса, отбасы-тұрмыстық қатынастар аясындағы құқыққа қарсы әрекеттер [3]

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 1 қыркүйек Қазақстан халқына Жолдауының «Заң және тәртіп» атты бесінші бағдарында «Отбасылық зорлық-зомбылықты қылмыс санатына жатқызу мәселесі қоғамда көптен бері талқыланып жүр. Құқық қорғау органдары бұл ұсыныстың дұрыс екеніне күмәнмен қарайды. Себебі, мұндай тұрмыстық жағдайларды анықтау оңай емес, яғни осындай оқиғаларды тергеп тексеру қиынға соғады. Бұл сөздің де жаны бар. Бірақ, қалай десек те, отбасылық зорлық-зомбылыққа көз жұма қарауға болмайды. Отбасында ойран салатындар жазаға тартылмаса, олар одан бетер басынып кетеді. Ал жапа шеккендер мүлдем қорғаусыз қалады. Мұндай әрекеттер үшін жазаны күшейтетін кез келді деп санаймын. Зардап шеккен жандар елдің сөзінен немесе біреудің қысым жасауынан қорықпауы қажет. Сондықтан, полиция қызметкерлері олармен өте мұқият жұмыс жүргізіп, тиісті шаралар қолдануы керек» — деп отбасылық-тұрмыстық құқық бұзушылықтарды айрықша атап өтті. [4]

Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу (бұдан әрі - кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың профилактикасы) - кәмелетке толмағандар арасындағы құқық

бұзушылықтардың, қадағалаусыз, панасыз қалудың және қоғамға жат іс-әрекеттердің алдын алуға, оларға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтауға және жоюға бағытталған, кәмелетке толмағандармен, кәмелетке толмағандардың оларды тәрбиелеу, оқыту немесе бағып-күту жөніндегі міндеттерін орындамайтын не олардың мінез-құлқына теріс әсер ететін ата-аналарымен немесе басқа да заңды өкілдерімен, сондай-ақ кәмелетке толмағандарды құқық бұзушылықтар немесе қоғамға жат іс-әрекеттер жасауға тартып жүрген өзге де адамдармен жеке профилактикасы шараларын қоса жүзеге асыратын құқықтық, педагогикалық және өзге де шаралар жүйесі. [5]

Ата-ана жасаған тұрмыстық зорлық-зомбылықтың болуы ата-аналық жауапкершіліктің тең бөлінуі туралы презумпцияны жоққа шығарады және жалғыз ата-ана жауапкершілігі туралы бұйрыққа әкелуі мүмкін. Тұрмыстық зорлық-зомбылық фактілері балалардың ренжіген ата-анасымен бірге өткізетін уақытына және мұндай уақытты қадағалау керек пе, жоқ па, соған әсер етуі мүмкін. Тұрмыстық зорлық-зомбылық мүлікті бөлуге қатысты сотта қаралған істерге де қатысты болуы мүмкін. Қарым-қатынас кезінде тұрмыстық зорлық-зомбылық көрген тарап олардың қарым-қатынасқа қосқан үлесі зорлық-зомбылыққа ұшырағанын ескере отырып, анағұрлым ауыр деп есептелуі керек деп дәлелдей алады - бұл сот пайыздық мөлшерлемені арттыру үшін өз қалауын пайдалануы керек. партияның бөлген кезде алатын мүлкі.

Ғылыми мақаланың өзектілігіне келетін болсақ, БҰҰ деректері бойынша 15-49 жас аралығындағы әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықтың ең жоғары деңгейі Сахараның оңтүстігіндегі Африкада, Оңтүстік Азияда және Океанияда (33%-51%) байқалады. Америкада әйелдердің 25%-ы зорлық-зомбылыққа тап болса, Австралия мен Жаңа Зеландияда – 23%, Еуропада – 16%-дан 23%-ға дейін, ал Батыс Еуропада бұл көрсеткіш 21%-ды, Шығыс Еуропада – 20%-ды құрайды. Орталық Азияда ресми деректер бойынша бұл

көрсеткіш 18 пайызды құрайды. Жағдайлардың басым көпшілігінде зорлық-зомбылықты әйелге жақын адам күйеуі немесе бірге тұратын серіктесі жасайды. [6]

«Бас жарылса – бөрік ішінде, қол сын-са – жең ішінде» демекші, жал-пақ жұртқа жайыла бермейтін жайттар болады ғой. Әсіресе отбасы, ошақ қасындағы оқиғалар көбі-не-көп «жабулы қазан жабулы күйінде» қалатыны белгілі. Сондай оқиғалардың сорақысы – тұрмыстық зорлық-зомбылық. Өкініштісі сол, әлі жеткен соң әйелін таяқтап, бассыздыққа салынып баласын сабайтындар елімізде күн санап көбейіп барады. [7]

2021 жылдың қаңтар-қыркүйек айларында Қазақстанда кәмелетке толмағандарға қатысты 1,7 мың қылмыстық құқық бұзушылық тіркелді. Бұл бір жыл бұрынғыға қарағанда 14,8%-ға артық. Құқық бұзушылықтардың 582 жағдайы – орташа ауыр, Тағы 443 жағдай аса ауыр, 314 жағдай ауыр, 264 жағдай онша ауыр емес болып тіркелді.

2020 жылдың ұқсас кезеңінде елімізде кәмелетке толмағандарға қатысты жасалған 1,5 мың қылмыстық құқық бұзушылық тіркелді, бұл – жылына минус 14,6%.

Өңірлік бөліністе кәмелетке толмағандарға қатысты ең көп бұзушылық Түркістан облысында тіркелді (212 жағдай). Бұл бір жыл бұрынғыға қарағанда бірден 57%-ға көп. Анти-лидерлердің үштігіне Қарағанды (197 жағдай) және Алматы (159 жағдай) облыстары да енді. Осы үш өңірге Қазақстан бойынша барлық құқық бұзушылықтардың үштен бірі келді.

Аталған сектордағы ең аз қылмыстар Павлодар облысында жасалды, барлығы 51 жағдай – бір жыл бұрынғыға қарағанда 52,8%-ға аз. Құқық бұзушылықтар санының ең көп өсуі Батыс Қазақстан облысында тіркелген (жылына 82,5%-ға, 73 жағдайға дейін), ең көп төмендеуі – Павлодар облысында. Кәмелетке толмағандарға қатысты барлық қылмыстардың 58,5%-ы жеке тұлғаға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтарға жатады, 999 жағдай - бір жыл бұрынғыға қарағанда 14,2%-ға көп. Көбінесе он алты жасқа толмаған адаммен жыныстық қатынас немесе жыныстық сипаттағы өзге де әрекеттер (270

жағдай), зорлау (204 жағдай), жыныстық сипаттағы зорлық-зомбылық әрекеттері (180 жағдай), жас балаларды азғыру (125 жағдай), денсаулыққа қасақана ауырлығы орташа зиян келтіру (68 жағдай) сияқты қылмыстар жасалды. [8]

Ғылыми мақала мақсаты. Қазақстан Республикасы үшінші мыңжылдықтың табалдырығын тәуелсіз ел ретінде аттап, құқықтық-демократиялық мемлекет негізін қалыптастыруға кірісті. Жаңа ғасырдағы Қазақстан қоғамын сипаттайтын саяси, әлеуметтік және экономикалық өзгерістер мен қайта құрулардың шапшаңдығы. Қазақстан жастарының қал-жағдайына және дамуына кейде жағымды, ал кейде теріс ықпал етуде. Яғни, жастар проблемасы бүгінгі таңда бірқатар теріс факторлардың әсерінен асқынып отырғаны баршаға белгілі. Бүгінгі таңдағы білім алудағы қиындықтар, жастар ұйымдарының қызметін үйлестіретін бірегей орталықтың жоқтығы жасөспірімдерінің бос уақытының шамадан тыс молдығы олардың арасында бақылаусыздықтың болуы, тағы басқа осы сияқты жағдайлар кәмелетке толмағандар қылмыстылығының күрт өсуіне негіз болып отыр. Тұтас алғанда қазіргі қазақ жастарын бүгінгі қоғамдық және экономикалық байланыстар мен қатынастар жүйесіне жарым-жартылай бейімделген, тұрақсыз статуска ие әлеуметтік топ ретінде тани аламыз. Біздің елімізде 2011 жылы жүргізілген сынақ нәтижесі бойынша 10 жас пен 19 жас аралындағы жастар мен жасөспірімдер жалпы халықтың 25 пайызын құрайды. Олай болса, жастар арасындағы маскүнемдік пен нашақорлықты және бопсалау, қарақшылық, тонау, ұрлық сияқты қылмыстардың күннен-күнге өршуі қаншалықты дәрежеде қауіпті екендігі айтпаса да түсінікті. [9]

Кәмелетке толмағандардың арасындағы 2021 жылы тіркелген қылмыстардың жалпы саны -1529. Осы қылмыстардың ішінен аса ауыр қылмыс саны-62, ауыры- 561.

Осы жылдың басынан бері елімізде кәмелетке толмағандар арасында жасалған 547 қылмыс тіркелген.

Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауапкершілігі оларға қолданылатын қылмыстық заңдардың ерекшеліктерімен ерекшеленеді. ҚР ҚК-нің «Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығы» бөлімінің 80 бабы, 1 бөлігінде «Кәмелетке толмағандар деп қылмыстық құқықбұзушылық жасаған уақытқа қарай жасы он төртке толған, бірақ он сегізге толмаған адамдар танылатындығы көрсетілген. Кәмелетке толмағандар қылмыстық құқықтың ерекше субъектілері болып табылады. Қылмыстық құқық бұзушылық іс-әрекет жасаған баланы сот жазадан босатқан кезде, тәрбиелік ықпал етудің мәжбүрлеу шараларын қолдану аясында, оларды арнайы оқу-тәрбие мекемесіне орналастыруы мүмкін. Шешім қабылдаған кезде судья әр жағдайда баланың өмір сүру деңгейіне мән береді. Баланың бос уақытын өткізуі, сабақ үлгерімі, тіпті ата-ананың бала тәрбиесіндегі рөлінде зерттейді. Бұның барлығы, құқыққа қарсы іс әрекетке барған баланың қылмыс ортасына қайта оралмауы үшін зерделенеді. Жазаның кез келген түрінтағайындаукезіндекінәлі тұлғаны қайта тәрбиелеуге баса назараудару керек, өйткені заң шеңберіндегі жауапкершілікті күшейту қылмыс теориясындағы бірқатар мәселелерді шешуде дәрменсіз. Айта кететін жәйт, елімізде 14 жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар қылмыстық жауапкершілікке тартылмайды. Себебі олар өздерінің құқық бұзушылық іс-әрекеттерінің нақты сипаты мен қоғамдық қауіптілігін толық түсінбейді. Сонымен қатар, қылмыс жасаған баланың заңды өкіліне салынатын айыппұлдың мөлшері сотталушыны қалыпты өмір сүру үшін қажетті материалдық игіліктерден айырмауы керектігі ескеріледі. Кәмелетке толмағандардың жауапкершілігінің бір ерекшелігі – олар үшін бас бостандығынан айыру мерзімі он екі жылдан аспауы керек. Бірінші рет бас бостандығынан айыруға сотталған ұл мен қыздар жазасын жалпы режимдегі тәрбие колонияларында өтейді. Бас бостандығынан айыруды өтеген жастар күшейтілген режимдегі тәрбие колонияларына жіберіледі. Бас бостандығынан айыру жазасы ауыр, аса ауыр қылмыстар жасаған кәмелетке

толмағандарға сондай-ақ, кейбір жағдайларда ғана ауырлығы аз және орташа қылмыстарға да тағайындалады. Кәмелетке толмағандарға өмір бойына бас бостандығынан айыру және өлім жазасы қолданылмайды. Ерекше жағдайларда сот он сегіз бен жиырма жас аралығындағы кәмелетке толмағандарға жеңілдетілген жаза қолдана алады. Мұндай ерекше жағдайларға психикалық, интеллектуалдық және психикалық дамудың ерекшеліктері, жетілу дәрежесі, жасөспірімдердің қылмыс жасау себептері сеп болады. Дегенмен әділ шешім шығару үшін судья сот-психологиялық, сот-психиатриялық және басқа да сараптама түрлерін тағайындауға құқылы. Сот тәрбиелік ықпал етудің мәжбүрлеу шараларын қолдана отырып, ауырлығы аз немесе орташа қылмыс жасағаны үшін кінәлі деп танылған кәмелетке толмаған баланы жазадан босата алады. Бұл жағдайда қылмыстық жауапкершілік сотталмау фактісімен аяқталады және жаза тағайындалмайды. Жоғарыда айтылғандай, кәмелетке толмаған баланы мамандандырылған білім беру немесе емдеу-тәрбие мекемесіне орналастыру барысында, мұндай мекемелерде болу мерзімі жасалған қылмыс үшін көзделген ең жоғары жаза мерзімінен аспайды. Кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттардың басты мақсаты «Отбасының тұтастығын сақтап қалу». Сондықтан, кәмелетке толмаған тұлға қылмыс істегеннен кейін бірден бас бостандығынан шектелмейді. Бірінші кезекте оларға заңмен көзделген негізде мәжбүрлеу шаралары қолданылуы мүмкін. Кәмелетке толмағанның бос уақытын шектеу белгілерін қолдану арқылы оларды қайта тәрбиелеуге болады. Мысалы, баланың белгілі бір орындарға баруына тыйым салу, тәуліктің белгілі бір уақытынан кейін үйден тыс жерде болуды шектеу, мамандандырылған мемлекеттік органның рұқсатынсыз басқа жерлерге шығуын шектеу шаралары заңмен көзделген. Себебі, бұл шаралар кәмелетке толмағандарға алдымен зиянсыз және олардың қадір қасиетін төмендетпейді. Егер, кәмелетке толмағандарға

жасалатын тәрбиелік ықпал етудің мәжбүрлеу шарасын бұзған немесе орындамаған жағдайда бұл шараның күші жойылып, материалдар бұрын жасалған қылмыс үшін қылмыстық жауапкершілікке тарту үшін сотқа жіберіледі. ҚР ҚК 81-бабында, кәмелетке толмағандарға тағайындалатын жазаның 6 түрі көрсетілген. Заңмен белгіленген жауаптылық негізінде жазаның басы белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру болса, ең соңғы шешімі баланы қоғамнан оқшаулау яғни, бас бостандығынан айыру болып табылады. Статистикаға көз жүгіртсек, Қызылорда облысының кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотында 2022 жылдың 12 айында 29 қылмыстық іс 39 адамға қатысты қаралды. Үкім шығару арқылы 17 іс 23 адамға қатысты, оның ішінде 15-сі кәмелетке толмаған. Тағайындалған жазаларға тоқталар болсақ, 2022 жылы шартты түрде бас бостандығынан 3 адам, бас бостандығынан 2 адам айырылды, 17 адам бас бостандығынан шектелді, оның ішінде 10-ы кәмелетке толмағандар. [10]

Алайда Орталық Азиядағы салыстырмалы түрде төмен көрсеткіштер көбінесе жиілікті емес, тек тұрмыстық қылмыстардың ашылуын көрсетеді. Осылайша, Қазақстанда отбасылық-тұрмыстық салада моральдық қысым көрсету мен ұрып-соғу фактілерінің кейбірін тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарының өздері мұқият жасырады, деп хабарлайды Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі. [11]

Екі тарап отбасындағы зорлық-зомбылық ісінің олардың балаларының қамқорлығына, кездесуге және ажырасу кезіндегі жұбайына қолдау көрсету мәселелеріне тікелей қатысты, Отбасы құқығы мен қылмыстық құқық заңның екі бөлек саласы болғанымен, олар бір салада маманданған заңгерлерге қиындықтар туғызады. Отбасылық құқық ісі тұрмыстық зорлық-зомбылық, балаға зорлық-зомбылық көрсету, тыйым салу туралы бұйрықтар, алкоголь (DUI) немесе есірткі қылмыстары сияқты қылмыстық заң элементтерін қамтыса,

отбасылық заңгер үшін іс экспоненциалды түрде күрделене түседі.

Барлық мемлекеттерде соттардың бір ата-ананың екіншісіне қарсы жасаған тұрмыстық зорлық-зомбылықты тараптар арасындағы қамқоршылық немесе кездесуге қатысты дауларын шешуде қарауын талап ететін заңдары бар.

Сонымен қатар, барлық штаттарда отбасындағы зорлық-зомбылықты бастан өткерген адамдар ешқайда кетпеу туралы қолхат сияқты азаматтық және қылмыстық қорғау құралдарына ие. Көптеген штаттарда полиция тұрмыстық зорлық-зомбылық жағдайына тап болған кезде, дауға қатысушы екі тараптың біреуі үйден кетуін сұрайды. Құқық қорғау органдарына атыс қаруын олар отбасылық зорлық-зомбылық оқиғасы болған жерге қосымша тергеусіз немесе соттың араласуынсыз жеткенде алып тастауға құқылы.

Кейбір штаттарда полиция жәбірленушіге төтенше қорғаныс бұйрығын (ЕРО) бере алады. ЕРО - әдетте полиция немесе судья жәбірленушіге беретін қысқа мерзімді қорғаныс бұйрығы. Бұл жәбірленушіге ешқайда кетпеу туралы қолхат алу үшін отбасылық сотқа қажетті құжаттарды рәсімдеуге мүмкіндік береді. Есірткіге немесе алкогольге қатысты кез келген қамауға алу және соттау баланың қай ата-ананың заңды және физикалық қамқорлығында болуы керектігі туралы сот шешіміне әсер етеді. Баланың ең жақсы мүддесі қандай екенін анықтау кезінде судья ата-анасының есірткі мен алкогольді пайдалану немесе теріс пайдалану тарихын қарап, бару үшін белгілі бір шарттарды қояды немесе тіпті кездесуге рұқсат етілмейтінін анықтайды.

Балаларға зорлық-зомбылық көрсету және/немесе қараусыз қалдыру туралы кез келген хабарларға келсек, Балаларға қызмет көрсету департаменті де тартылады және полицияның тұжырымдары мен агенттік ұсынысына байланысты қылмыстық іс қозғалады. Содан кейін отбасылық құқық судьясы ата-ананың (қылмыстық іс бойынша жауапкердің) бару немесе қорғаншылық құқықтарының бар-жоғы туралы қорытынды

жасайды. [12]

Қорытынды: отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласындағы зорлық-зомбылық қылмыстарының және кәмелетке толмағандардың арасында болатын қылмыстардың «пайда болу» себептерін, отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылық, кәмелетке толмағандардың арасында болатын қылмыстары ұғымын қазіргі заманға сай қайта бағалауды қажет етеді. Отбасы- тұрмыстық және кәмелетке толмағандарға қатысты қылмыстарын жасау механизміне жаңаша баға беру, сондай-ақ олардың алдын алу шаралары сияқты кеш дамыған мәселелерді қылмыстық құқықтық тұрғыдан зерттеу болып табылады. Жоғары атап өткендей еліміздің 25% жасөспірімдер құрайтындықтан теориялық ережелер мен практикалық ұсыныстарды әзірлеу қажет.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы, 1995 жылы 30 тамызда қабылданды. <https://adilet.zan.kz/>
2. Отбасына және кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстардың жалпы сипаттамасы. <https://www.malimetter.kz/o>
3. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексі // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000235>
4. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 1 қыркүйек Қазақстан халқына Жолдауы // <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkynazholdauy-181416>
5. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы. <https://adilet.zan.kz/>
6. Тұрмыстық 10 қылмыстың 9-ы қасақана зиян келтіру, сондай-ақ кісі өлтіру. <https://24.kz/ru/news/incidents/item/552386>
7. Көргені – қорлық, тартқаны – зорлық <https://egemen.kz/article/252630-korgeni---qorlyq-tartqany---zorlyq>
8. Кәмелетке толмағандар арасында қылмыс асқынып тұр <https://egemen.kz/article/296045-kameletke>
9. Кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстылықтың алдын алу жолдары. <https://articlekz.com/kk/article/32098>
10. "Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығы". Қызылорда облысының кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған сотының төрағасы А.Сабыров. "Заңгер" журналы. №4, 2023. <https://kzl.sud.kz/kaz/>
11. "Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы. <https://adilet.zan.kz/k>
12. Отбасылық зорлық-зомбылықтың алдын алу үшін, отбасы туралы заңды реттеу. <https://www.armstronglegal.com.au/family-law>

References:

1. The Constitution of the Republic of Kazakhstan was adopted on August 30, 1995. <https://adilet.zan.kz/>
2. GENERAL CHARACTERISTICS OF CRIMES AGAINST THE FAMILY AND MINORS. <https://www.malimetter.kz/o>
3. Code of the Republic of Kazakhstan dated July 5, 2014 No. 235-V KR "on administrative offenses" // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000235>
4. Address of the head of State Kassym-Jomart Tokayev to the people of Kazakhstan on September 1, 2022 // <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkynazholdauy-181416>
5. on the Prevention of juvenile delinquency and Prevention of child neglect and homelessness. <https://adilet.zan.kz/>
6. 9 out of 10 domestic crimes are intentional infliction of harm, as well as murder. <https://24.kz/ru/news/incidents/item/552386>
7. What he sees is humiliation, what he attracts is violence <https://egemen.kz/article/252630-korgeni---qorlyq-tartqany---zorlyq>
8. Crime among minors is aggravated <https://egemen.kz/article/296045-kameletke>
9. Ways to prevent juvenile delinquency. <https://articlekz.com/en/article/32098>
10. "Criminal liability of minors". Chairman of the specialized juvenile court of Kyzylorda region A. Sabyrov. Magazine "lawyer". №4, 2023. <https://kzl.sud.kz/kaz/>
11. On the draft law of the Republic of Kazakhstan "on countering domestic violence". <https://adilet.zan.kz/k>
12. Regulation of the family law for the Prevention of domestic violence. <https://www.armstronglegal.com.au/family-law>

Сведения об авторе

Әубәкірова Жадыра Маратқызы

Лауазымы: заң ғылымдарының магистрі, қылмыстық-құқықтық пәндер кафедрасының оқытушысы, Alikhan Bokeikhan University

Пошталық мекен-жайы: 071400-071417, Қазақстан Республикасы, Семей қаласы, улица Физкультурная 9/5, Ұялы. тел 87014503864 E-mail: Zhadyra.maratovna@mail.ru

Аубакирова Жадыра Маратовна

Должность: магистр юридических наук, преподаватель кафедры уголовно-правовых дисциплин, Alikhan Bokeikhan University

Почтовый адрес: 071400-071417, Республика Казахстан, г.Семей, ул. Физкультурная 9/5 Сот. тел: 87014503864 E-mail: Zhadyra.maratovna@mail.ru

Aubakirova Zhadyra Maratovna

Position: Master of Law, Lecturer of the Department of Criminal Law Disciplines, Alikhan Bokeikhan University

Mailing address: 071400-071417, Republic of Kazakhstan, 9/5 Fizkulturnaya str . Mob.phone: 87014503864 E-mail: Zhadyra.maratovna@mail.ru